

# Мардан Сапарбаев Атындағы Оңтүстік Қазақстан Гуманитарлық Институты

## Психологиядағы мотив және мотивация



**Орындаған:** Идиятова Н.Б.  
**Қабылдаған:** Қатыш Әлия

# МОТИВАЦИЯ — бұл...

Көздеген мақсатқа жету үшін өзін және басқаларды жұмысқа ынталандыру. Мотивация адамдарда болатын әртүрлі қажеттіліктерге негізделген.






- Мотивация жағдайында екі түрлі сыйлыққа ие болады:
- Ø ішкі сезімдік сыйлық,
- Ø сыртқы сыйлық





- Ішкі сыйлықты жұмыстың өзі береді, яғни адамның өзінің жасаған еңбегіне іштей
- қанағаттануы.
- Сыртқы сыйлықты ұйым береді, яғни орындалған жұмыстың бағалануы. Мысалы, еңбек ақы, қызметін жоғарылату, марапаттау, қосымша ақы төлеу жатады.





Мотивацияның екі теориясы бар:  
Ø Мотивацияның маңызды теориясы  
Ø Мотивацияның іс жүргізу теориясы





- Мотивацияның маңызды теориясы – адамдардың көздеген мақсатына қарай әрекет
- етуге мәжбүр ететін іштей талаптануды теңестіруге негізделген.
- Мотивацияның іс жүргізу теориясы
- адамдардың көзқарасын, түсінігін
- ескере отырып,
- олардың өздерін қалай
- ұстайтындықтарына қарай негізделген.





- А.Маслоудың көзқарысы «қажеттілік иерархиясы» деп аталады.
- 1. Физиологиялық қажеттілік өмір сүру үшін қажет. Бұған жалпы адамдардың тыныс тіршілігі үшін, ауа, су, баспана, демалу, тамақ сияқты қажеттіліктер жатады.
- 2. Қауіпсіздік, қорғану қажеттілігіне қоршаған орта тарапынан болатын физикалық және психологиялық қауіп қатерден қорғану қажеттілігі жатады.
- 3. Әлеуметтік қажеттілік – бір немесе біреуге қатысты сезімі, өзіңді біреулердің құрметтеу сезімі, әлеуметтік қарым-қатынас, сүйемелдеушілік сезімдері жатады.
- 4. Құрметтеу қажеттілігі - өзін-өзі құрметтеу, жеке басының жетістіктері, біліктілігі, басқалардың өзін құрметтеуі жатады.
- 5. Өзін-өзі көрсету қажеттілігі - өзінің жеке басының өсіп жетілуін, барлық мүмкіндіктерін жүзеге асыру қажеттілігі.



# Мотивацияның іс жүргізу теориясы 3-ке бөлінеді:

- *Үміттену* – жұмсалған күш-жігермен алынатын нәтиже арасындағы байланыс;
- *Әділеттілік* – екі адамның жұмыс орындауын салыстыру арқылы бағалау;
- *Портер-Лоулер моделі* – қажетсіну, үміттену, әділеттілікті көтермелеу, еңбек нәтижесіне қанағаттану сезімі





- **Ішкі мотивация** - сыртқы орта қалай болуына қарамастан мотивациялық талпыныс ішкі ниеттен оянады және мақсат атаулы субъективті болады. Онда міндеттің өзі құштарлық және шаттық туғызады. Сыртқы себеп емес, ішкі ұнату негізгі қозғалыс түрткісі болады. Ішкі мотивацияның артықшылығы, міндетке қарата ішкі құштарлық оянған жағдайда адамның өз артықшылықтары түгел іске қосылады және міндетті орындауға қажетті қабілет пен өнерді өздігінен үйренеді. Ішкі мотивация ХХғ. 70 жылдары әлеуметтік психология мен педагогикалық психологияның назарын аударған болатын.





**Сыртқы мотивация** - мотивация тұрақты талпындырушы ретінде көбінесе сыртқы орта талаптарынан қоздатылады. Мұнда кіріс, мәртебе, мансап секілді сыртқы нәрселердің талабымен мақсатқа белсену туады және оның белсенуі ішкі мотивация ниетімен қайшыласып та жатады. Яғни, өз талпынысын соншылық сүйе қоймайды, бірақ қажеттілік үшін соған барынша талпынуға мәжбүр болады. Сыртқы мотивация жекенің сыртынан келеді. Әрекет өз табысынан рахаттану үшін емес, ақша табу, мансапқа жету, мүдде, балл алу, мәжбүрлену, жазалану секілділер сыртқы мотивацияға ілік болады. Ондағы шабыттандыру әлдебір сыртқы талаптардан тууы мүмкін. Жалданып істеу, біреуге тәуелді болу, тұрмыс жағдайының нашарлығы, қорқу, ұялу дегендер осы түрдегі мотивацияға себеп болады. Кейбіреулердің айтуынша сыйлық алу мен медаль тағу да сыртқы мотивацияға жатады екен. Дегенмен, бұл енді сол адамның соны мәнді іс көріп өз мақсаты тұту-тұтпауына қатысты болса керек.